# Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне баруларды және тексерулерді есепке алу кітабының нысанын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2006 жылғы 12 шілдедегі N 190 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2006 жылғы 28 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 4320. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 354 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2009.12.28 № 354 бұйрығымен.

"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 9) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген жеке кәсіпкерлік субъектілеріне баруларды және тексерулерді есепке алу кітабының нысаны бекітілсін.

2. Әкімшілік-құқықтық жұмыстар департаменті:

осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Индустрия және сауда вице-министрі А. Баталовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

Индустрия және сауда министрінің 2006 жылғы 12 шілдедегі N 190 бұйрығымен бекітілген

**Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне бару және тексерулердің есебі кітабы**

| | | Өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу | Бақылаушы органының тексеру | Бақылаушы органның атауы, тексеруді | Тексеруді немесе баруды | | Тексеруді немесе баруды жүргізу мерзімі, | Тексеруді жүзеге асырған |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| N | Бару және тексеру күні | саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдағы тіркеу нөмірі мен күні | тағайындау туралы актісінің нөмірі мен күні | тағайындаған лауазымды тұлғаның аты-жөні және лауазымы | жүзеге асырған тұлғаның аты-жөні және лауазымы | Тексерудің немесе барудың түрі мен мәні | сондай-ақ тексеруді жүргізу немесе тоқтата тұру туралы мәлімет | тұлғаның аты-жөні және қолы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК